

**Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ жанындағы Металлургия,
материалтану және наноматериалдар жөніндегі диссертациялық
кеңестің
№ 16 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

Алматы қ.

«06» қазан 2023 ж.

ҚАТЫСҚАНДАР:

Тұрақты құрамы: Кенжалиев Б.К. – диссертациялық кеңестің төрағасы, Смагулов Д.У. – диссертациялық Кеңес төрағасының орынбасары, Мамаева А.А. – диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, Ата Акчиль, Абдулвалиев Р.А., Исмаилов М.Б., Азат С.

Уақытша құрамы: Байсанов Сайлаубай Омарұлы, Квятковский Сергей Аркадьевич, Шарипов Рустам Хасанович, Сүрімбаев Бауыржан Нұржанұлы, Мырзабеков Бегзат Есенғалиұлы, Беркинбаева Айнұр Нұрқалиқызы, Қойшина Гүлзада Мыңғышқызы.

Металлургия, материалтану және наноматериалдар жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор Кенжалиев Бағдәулет Кенжәлиұлы.

Металлургия, материалтану және наноматериалдар жөніндегі диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы – физ-матем.ғыл. кандидаты. Мамаева А.А.

Күн тәртібі:

Жаслан Рымгүл Қуатқызы «6D070900 - Металлургия» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Темір-көміртекті негіздегі инновациялық технологияларды пайдалана отырып, металл өнімдерінің балқытылу технологиясын жетілдіру және сапасын арттыру» тақырыбында диссертациялық жұмысын қорғауы.

Ғылым кеңесшілер:

1. Жаутиков Бахыт Ахатович - техника ғылымдарының докторы, «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КеАҚ-ның профессоры, Алматы қ., Қазақстан;
2. Романов Виктор Иванович - техника ғылымдарының кандидаты, «Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ-ның доценті, Теміртау қ., Қазақстан;
3. Бабенко Анатолий Алексеевич - техника ғылымдарының докторы, Ресей Ғылым Академиясының Орал филиалының металлургия институтының профессоры, Екатеринбург қ, Ресей Федерациясы).

Ресми рецензенттер:

1. Дүйсенова Сымбат Берікқалиқызы- PhD докторы (6D070900 – Металлургия), «Қазфосфат» ЖШС инженер-технологы, 6D070900 – «Металлургия» мамандығы бойынша 5 ғылыми жарияланым бар.

2. Рамазанова Райгүл Амангелдіқызы -PhD докторы (6D070900 – Металлургия), «Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КеАҚ аға оқытушысы, 6D070900-Металлургия мамандығы бойынша 5 ғылыми жарияланым бар.

ТЫҢДАҒАҢДАР:

Докторант Жаслан Рымгүл Қуатқызының сөз сөйлеуі, ол өз баяндамасында диссертациялық жұмыстың мәнін баяндап берді. Баяндама презентация түрінде ұсынылды. Баяндама барысында келесі сұрақтар қойылды:

1. Зерттелетін мәселенің өзектілігі
2. Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері
3. Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу
4. Қорғауға шығарылатын ғылыми ережелер
5. Диссертацияның практикалық маңыздылығы

Кеңес төрағасы Б. К. Кенжалиев келесі кезеңге – жұмысты талқылауға көшуді ұсынды. Сөз ресми рецензенттерге берілді. Ресми рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының жоғары деңгейін атап өтті. Рецензенттер жұмыстың сапасы мен өзектілігін қатысты ешқандай ескертулердің жоқ екенін алға тартты.

Рецензенттердің сөзінен кейін докторант **Жаслан Рымгүл Қуатқызы** сөз сөйледі, докторант ресми рецензенттердің сұрақтарына және ескертулеріне толық жауап берді. Рецензенттер докторанттың жауаптарына қанағаттанды.

ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

«ҚОЛДАЙМЫН» - 13 дауыс
«ҚАРСЫМЫН» - жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Жаслан Рымгүл Қуатқызынақорғау нәтижелері және дауыс беру нәтижелері бойынша Диссертациялық кеңес оған «6D070900 – Металлургия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешім қабылдады.

Металлургия, материалтану және наноматериалдар бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор



Кенжалиев Б.К

Металлургия, материалтану және наноматериалдар бойынша Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, физ-матем.ғылымдарының кандидаты



Мамаева А.А